



Студенттер мен жас ғалымдардың
«ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ БІЛІМ - 2018»
XIII Халықаралық ғылыми конференциясы

СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ

XIII Международная научная конференция
студентов и молодых ученых
«НАУКА И ОБРАЗОВАНИЕ - 2018»

The XIII International Scientific Conference
for Students and Young Scientists
«SCIENCE AND EDUCATION - 2018»



12th April 2018, Astana

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ**

**Студенттер мен жас ғалымдардың
«Ғылым және білім - 2018»
атты XIII Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ**

**СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
XIII Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«Наука и образование - 2018»**

**PROCEEDINGS
of the XIII International Scientific Conference
for students and young scholars
«Science and education - 2018»**

2018 жыл 12 сәуір

Астана

УДК 378

ББК 74.58

Ғ 96

Ғ 96

«Ғылым және білім – 2018» атты студенттер мен жас ғалымдардың XIII Халықаралық ғылыми конференциясы = XIII Международная научная конференция студентов и молодых ученых «Наука и образование - 2018» = The XIII International Scientific Conference for students and young scholars «Science and education - 2018». – Астана: <http://www.enu.kz/ru/nauka/nauka-i-obrazovanie/>, 2018. – 7513 стр. (қазақша, орысша, ағылшынша).

ISBN 978-9965-31-997-6

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

УДК 378

ББК 74.58

ISBN 978-9965-31-997-6

©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия
ұлттық университеті, 2018

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНДА ЖЕР ҚАТЫНАСТАРЫ СУБЪЕКТІЛЕРІНІҢ ҚҰҚЫҚТЫҚ МӘРТЕБЕСІ ТЕОРИЯЛЫҚ НЕГІЗДЕРІ

Бөжек Дархан Темірханұлы

aridnis@mail.ru

Құқықтану мамандығының 1-курс магистранты, Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия

ұлттық университеті,-Астана, Қазақстан

Ғылыми жетекшісі: з.ғ.к., профессор М.Аленов

Жерге жеке меншік құқығының жер қатынастары субъектілері мәселелері туралы отандық әдебиеттерде зерттеу аз жүргізілген, осы атаған жер қатынастары саласында қазіргі кезеңде теориялық және практикалық мәні бар мәселелер аз емес, сондықтан ғылымда зерттеуді талап етуді ескере отырып, жер қатынастары субъектілерінің құқықтық мәртебесін анықтау және осы саладағы заңнамаларды жетілдіру қажеттілік туындады.

Жер қатынастарының субъектілері жерге құқықтар берілген және құқықтар міндеттелген жер заңнамаларымен бекітілген тұлғалар болып табылады.

«Жер оның қойнауы, су көздері, өсімдіктер мен жануарлар дүниесі, басқа да табиғи ресурстар мемлекет меншігінде болады. Жер сондай-ақ заңда белгіленген негіздерде, шарттармен шектерде жеке меншікте болуы мүмкін»деп 1995 жылы қабылданған Қазақстан Республикасының Конституциясында нақтылып бекітіп берді[1].

Яғни, жеке меншікте болуы тек жерге қатыстылығы, жерге жеке меншіктің негіздері, шарттары және шектері жер заңнамаларында анықталады, сондай ақ жер қатынастарының субъектілеріне жер учаскесін берудің шектеулі негіздері мен шарттарын айқындайды.

Біздің мемлекетіміздің басым міндеттерінің бірі ретінде жер ресурстарын тұрақты пайдалануды құқықтық реттеуді ұсынады.

Қазақстан Республикасы «Жасыл экономикаға көшу» Тұжырымдамасында табиғи ресурстардың әлеуетін ұтымды пайдалану табиғи ресурстарды тұрақты қамтамасыз ету мемлекеттің әлеуметтік-экономикалық дамуы ұлттық қызығушылық ретінде анықталады. Жер ресурстарына шектеулігін ескере, тиісінше қоғамдық қатынастарды құқықтық реттеу мәселелері өзекті болып табылады[2].

2015 жылы 20 мамырда қабылданған «100 нақты қадам» Қазақстан Республикасының Президентінің Ұлттық бағдарламасының 35 қадам, 36 қадамдарында айқындалған жер ресурстарын тиімді пайдалану мақсатымен Қазақстан Республикасының субъектілеріне жер учаскелерін оның ішінде ауылшаруашылығы жерлерін пайдалануға жекеменшікке берудің нарықтық айналымға енгізудің жаңа моделін қалыптастырудан басталды[3].

Дегенмен, қоғамда Қазақстан Республикасы жер кодексіне енгізілген жаңа нормалардың олқылықтары нәтижесі халық арасында резонанс тудыруға әкеп соқты, сондықтан қазіргі кезеңде ҚР жер кодексінің кейбір жеке меншікке беру нормалары 2021 жылға дейін мараторий жарияланды[4,76].

Қазақстан Республикасының 2025 жылғы Стратегиялық даму жоспарына сәйкес, жер ресурстарын тиімді пайдалануға бағытталған Агроөнеркәсіп кешенің дамытудың 2017-2021 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы жүзеге асырылуда, сонымен қатар, жүйелі реформаларды жүзеге асырудың бірі ауылшаруашылығы мақсатындағы немесе коммерциялық мақсаттағы жер учаскелерін беруді қамтамасыз ете отырып жұмыс орындарын тарту болып табылады.

Реформалардың негізі міндеттерінің бірі тұрғын үй инфрақұрылымын жетілдіру мақсатында жер учаскелерін инженерлік инфрақұрылыммен қамтамасыз ету және азаматтарға тұрғын үй салуға жер учаскелерін бөлу арқылы тұрғын үй құрлысын дамытуды қамтамасыз ету көзделінеді[5].

Яғни, жерге жеке меншік субъектілерінің жер учаскелерін мемлекеттік тіркеу жүйесі, субъектілерінің құқықтары мен міндеттері, жер телімдерін мақсатта пайдалану түрін

өзгертуге рұқсат алу мәселелері, тұрғын үй салуға меншік құқығы, ауылшаруашылығы мақсатындағы жерлерді пайдалану құқығын экономиканың дамуына құқықтық реттеу механизмі оның қалыптастырған функциясының жетіспеушілік проблемалары жер және экологиялық заңнамаларды маңызды жаңартуды және жетілдіруді талап етеді.

А.Д. Дюсюпованың пікірінше қазіргі кезеңде жерге меншік құқығы жерді пайдалану және иелену құқықтары мен міндеттері бар мемлекеттің миллиондаған азаматы жүзеге асырып жатыр. Жеке тұлғасыз, жекеменшік субъектісіз болмайды.

Жеке меншіктің кез- келген нысаны өзінің иесі бар, оны пайдаланады және билік ете алады. Бұл барлық меншік нысанның бірдей екендігін оның ішінде жеке меншік белгілейді [6,1146].

Заң ғылымында Мемлекет ерекше құқық субъектісі болып табылады, заңды тұлғалардың қатарына тұруы мүмкін емес, қазіргі күнге дейін өзінің мәнін сақтап келеді, дегенмен нарықтық экономикаға өту кезеңде мемлекеттің ролі және мемлекеттің экономикалық қатынастар жүйесіндегі орны өзгереді. Нарықтық мемлекет үшін субъект ретінде барлығы да әкімшілік әміршілік жүйесі жағдайынан, мемлекет саяси егеменді ретінде, нарыққа өту кезеңінде олардың бөлінуіне көптеген қаржы қажеттілігі туындады.

Меншік қатынастары экономикалық қатынастардың ең маңызды құрамдасы болып табылады.

Қазақстан Республикасы Азаматтық кодексінің 188-бабының 2 тармағында меншік құқығы ұғымы көзделінген, субъектінің заң құжаттары арқылы танылатын және қорғалатын өзіне тисілі мүлікті өз қалауынша иелену, пайдалану, оған билік ету құқығы болып табылады[7].

Меншік субъектілері мен объектілерінің ұғымы, меншік иесінің өз құқықтарын жүзеге асыру негіздері, олардың қорғалу кепілдіктері негізінен Азаматтық кодекс нормаларында көзделінген.

Жер басқа табиғи ресурстардан ерекшелігі жер мемлекеттік меншікте ғана емес, жеке меншікте болуы мүмкін. Осыған байланысты меншік құқығының субъектілеріне мыналар жатады:1) Қазақстан Республикасының аумағында мемлекеттік меншік құқығының субъектісі - Қазақстан Республикасы; 2) осы Кодексте белгіленген негіздерде, шарттарда және шектерде жер учаскелеріне жеке меншік құқығының субъектісі- азаматтар және мемлекеттік емес заңды тұлғалар.

Егер осы Кодексте өзгеше көзделмесе, азаматтар Қазақстан Республикасының азаматтары, шетелдіктер және азаматтығы жоқ адамдар деп түсініледі [8].

Жерге меншік құқығын берудің заңнамалық деңгейінде осындай нақтыланған ережелерге қарамастан, осы тақырыптың бірқатар проблемалары бар. Жер қатынастарының субъектілері жер құқығының арнайы пәні ретінде қаралмайды, жер құқығы жеке институты ретінде қарастыруға байланысты пайда болды. Ең алғашқы Кеңес дәуіріндегі жер құқығы ғылымында мемлекет жер қатынастарының субъектілері ретінде ғана көзделінді.

Жер құқығы әдебиеттерінде құқыққа қатысушылардың барлығы бірдей құқық субъектісі бола алмайды, оның ішінде жер құқығы қатынастарының субъектісі кез-келген тұлға бола алмайды, тек әрекет етуші заңмен анықталған құқықтар мен міндеттерге ие тұлғалар ғана болуы мүмкін.

Л.К. Еркінбаеваның пікірінше, жер құқығы қатынастары субъектілерінің құқық көлемі мынандай жағдайларға тәуелді болады:

- субъектінің түріне;
- субъектінің заңи маңызы бар әрекетіне;
- аталған жер құқығы қатынастарының ерекшелігіне;
- құқық қатынастары субъектісінің өз функциясын жүзеге асыру жағдайына байланысты болады.

Жер құқығы қатынастары субъектілерінің қатары мазмұны, олардың құқықтарының ара қатынасты елдегі жер саясаты және әлеуметтік- экономикалық қайта құрулар сипатына тәуелді өзгеріп отырады деп пайымдады[9,15].

Жалпы құқық теориясында құқық субъектісі жеке тұлға немесе ұйым деп санаған, мұндай қасиеттерді иелену индивидті немесе ұйымды азаматтық құқық субъектісіне айналдырады. Олардың ерекше заңдық қасиеттері азаматтық құқық субъектілікті иеленеді, яғни азаматтық құқықтар мен міндеттерді иеленуге, оларды жүзеге асыруға қабілетті адамдар (индивид) немесе ұйымдар, мемлекет, әкімшілік аумақтық органдар т.б)

Кенес дәуіріндегі құқық субъектінің ұйым немесе тұлғаны мойындау сол кезеңдегі заң нормаларында қабылданды, құқық субъектісі құқықтар мен міндеттер иеленуге нақты құқық қатынастарының субъектісі болама оған қарамайды, бастысы құқық нормаларымен бекітілген.

Құқық субъектісі- бұл тұлға құқықтық қатынасқа қатысушы, жер құқығы субъектісіне сәйкес бұл жер қатынастарына қатысушылар болып табылады.

Осы аталған сипаттамадан құқық субъектісі әсері болуы мүмкін, бұл жеке тұлға және ұйым құқықтық қатынастарға қатысушы болып табылады. Белгілі болғандай кез-келген құқық субъектісі объективті құқық нормалары әсерінен, ол құқық қатынастың қатысушысы ретінде ғана емес, барлық құқықтар мен міндеттерді иеленеді.

Әрине, кез-келген құқық субъектісі құқық қатынастың қатысушысы болуы мүмкін. Құқықтық қатынасқа қатысушының қабілеті құқық субъектілік деп аталады, мазмұнында құқықтар мен міндеттер болып табылатын материалдық құқық нормаларымен қарастырылған[10,123б].

Азаматтық құқық субъектілік салалалық құқық субъектінің бір түрі, ол азаматтық құқықтың ерекше институты ретінде құқық субъектіліктің болуы қоғамдық ағзалар адамдарды құқықтық қатынастарға тарту мүмкіндіктері мен шектеу шараларын жіктеу қажеттілігіне байланысты.

Сонымен құқық субъектілік дегенміз- адамдардың қоғамдық, заңдық қасиеттері болып табылады.

Құқық субъектісі құқық субъектілігі бар тұлғаны білдіреді. Бірақ бұл анықтама басқаны да білдіруі мүмкін, тұлғаның құқықсубъектілігі жоқ адамдар болуы мүмкін, сондықтан құқық субъектілері болып табылмайды.

Құқық теориясының көптеген оқулықтарында «Құқық субъектісі» және « құқықтық қатынастарға қатысушы» ұғым теңдей қолданылады.

Мысалы, «құқықтық қарым-қатынас субъектілері (қатысушылары)» - бұл заңның құзыретіне, құқық қабілеттілігіне және іске асырылатын құқық нормаларында көзделген мүмкіндіктерге ие құқық субъектілері болып табылады.

Бұған келесідей: «Құқықтық қатынас субъектісі - бұл өзінің құқық қабілеттілігін пайдаланатын құқық субъектісі»деп айтуға да болады.

Осылайша, құқық субъектілері құқықсубъектілікке ие болып табылатын адамдар (жеке және заңды) болып табылады.

Құқықтық субъектілік - бұл құқық субъектісі бола алады. Заңды тұлғалардың құқық субъектілігі құқық қабілеттілігі мен құқық қабілеттілігінің ажырамас бірлігі түрінде болады[11].

Қазақстан Республикасының Конституциясының 13-бабында «Әркімнің құқық субъектісі ретінде танылуына құқығы бар және өзінің құқықтары мен бостандықтарын, қажетті қорғанысты қоса алғанда, заңға қайшы келмейтін барлық тәсілдермен қорғауға хақылы» деп көзделінен, демек, ҚР Азаматтық кодексте құқық қабілеттілігі мен әрекет қабілеттілігін қосып қарастырады.

Қазақстандық цивилистердің пікірінше, Азаматтық құқықтарды иеленіп, міндеттер атқару қабілетін құқық қабілеттілігі деп түсінеміз. Өз әрекетімен құқықтарды иеленіп, оларды жүзеге асыру, сондай –ақ міндеттерді белгілеп, орындау қабілеті әрекет қабілеттілігі болады[12,94б].

Конституцияда көзделінгендей «Әркім» деген ұғым, барлық субъектілерге қатыстылығын көздеп отыр, яғни ҚР азаматы, шетел азаматы, азаматы жоқ адамдар, заңды тұлғалар, мемлекет қамтылып отыр.

Сонымен қатар, шетелдік азаматтар және азаматы жоқ адамдар Қазақстанда Конституциямен, заңдармен және халықаралық шарттармен белгіленгендерді есептемегенде, ҚР азаматтары мен қатар құқықтар мен бостандықтарға ие және барлық міндеттерді атқарады делінген.

Қазақстан Республикасының жер кодексінің 12 бабының 16-тармағында жер құқығы қатынастарының субъектілеріне жер құқығы қатынастарына қатысушылар құқықтары мен міндеттері бар жеке және заңды тұлғалар, мемлекетті жатқызады, тек шетел азаматы ғана көзделінбеген, оның да құқықтары мен міндеттері құқық субъектілігі ретінде танылып, осы норманы 20-бабының 2 тармағында қайталанып тұрғандықтан қарама-қайшылықтар туғызбай, аталған норманы алып тастау қажет. Қазақстан Республикасы Конституциясында және заң ғылыми теориясында жер құқығы қатынастарының субъектілері ұғымы жерге меншік құқығының субъектілері ұғымы бірдей танылады.

Жер құқығы қатынастарының субъектілеріне жер құқығы қатынастарына қатысушылар құқықтары мен міндеттері бар жеке және заңды тұлғалар, мемлекет, шетелдік жер пайдаланушылар деп бір нормаға топтастырып, Қазақстан Республикасының жер кодексінің 20-бабының 2 тармағына толықтырулар енгізуге келесідей көрсетілуі қажет:

Жер құқығы қатынастарының субъектілерін 3 топқа бөліп қарастырамыз:

Жерге жеке меншік субъектілері: 1) а) Республика аумағындағы жерге мемлекеттік меншік құқығының субъектісі-Қазақстан Республикасы; ә) Жер ресурстарын басқару жөніндегі орталық уәкілетті орган; б) жергілікті атқарушы органдар

2) а) ҚР азаматтары; ә) заңды тұлғалар; б) мемлекеттік емес жер пайдаланушылар;

3) а) ұлттық жер пайдаланушылар; ә) шетелдік жер пайдаланушылар.

Республика аумағындағы жерге мемлекеттік меншік құқығының субъектісі-Қазақстан Республикасы, мемлекеттік меншік құқық режимін Қазақстан Республикасы Конституциясы нормаларында, ҚР Азаматтық кодексінің нормаларында, Мемлекеттік мүлік туралы ҚР заңында және өзге де нормативтік-құқықтық актілерде айқындалған, яғни мемлекет экономикалық қатынастардың ең маңызды құрамдас бөлігі ретінде меншік қатынастарын оның ішінде, меншік субъектілерінің өз құқықтарын жүзеге асыруының көлемі мен шектері, олардың қорғалуына кепілдік береді.

Жер ресурстарын басқару жөніндегі орталық уәкілетті орган; атқарушы органдар, мұнда аталған мемлекеттік өкілетті органдар жер қатынастарын реттеудің функцияларын атқарады, жерді қорғау және жерді ұтымды әрі өз мақсатында пайдалануды қамтамасыз ететін, мемлекет тарапынан жүзеге асыратын негізгі бағаттарына сәйкес қызмет ету болып табылады.

Азаматтық заңнамаларға сәйкес, жеке тұлғалар Қазақстан Республикасының азаматы, шетел азаматтары және азаматы жоқ тұлғалар азаматтық құқықтық қатынастардың субъектілері бола алады. Біздіңше тек Қазақстан Республикасының азаматы деп танылуы тиіс. Соған сәйкес, жер заңнамаларына сәйкес, жер құқығында жер учаскелерін беру шектеулі сипатқа ие болып табылады, өйткені жер учаскесі заттық құқық ретінде жерді пайдалану ерекшелігімен жүзеге асырады, демек пайдаланудағы жер мемлекеттің меншігінде болып қалады, жер учаскесін пайдалану мерзімсіз немесе мерзім ішінде беріледі, жер учаскесін пайдалану ақылы түрде болуынан көрінеді.

Жер құқық субъектілігі заңды тұлғаның құқық субъектілігі заңды тұлғаның өз іс-әрекеттері арқылы құқық қабілеттілігін сипаттайтын, сондай-ақ жерді пайдалану мен қорғау саласындағы міндеттерді атқаратын кешенді теориялық санат болып табылады.

Жер құқық субъектілігі заңды тұлғаны тұрғылықты жері, шетелдік қатысу үлесі, сондай-ақ ол жүзеге асыратын қызмет түрлері алдын ала анықталады.

Заңды тұлғаның жер учаскесіне құқықты сатып алуы келесі заңнамалық актілер сақталған жағдайда ғана мүмкін болатындығы дәлелденді:

А.В. Жуковтың еңбегінде Жер учаскесіне құқық объектісі және мәміленің мәні ретінде қойылатын талаптар; жер учаскесінің айналымына шектеу қойылған; жер учаскелерін белгілі бір құқыққа ие тұлғалар арасында заңды тұлға анықтамасы (негізінен тұрақты (шексіз)

пайдалану құқығы және еркін пайдалану құқығы); құқықтарды алу үшін әртүрлі негіздердің ерекшеліктерін ескере отырып; заңды тұлғаларға ұсынылған талаптар; анықталған жер санаттарынан белгілі бір жерді сатып алуға үміткер болуі сипатталады[13,86].

Заңды тұлғалар мүліктік қатынастары бар құқықтары мен міндеттері бар субъект болып табылады.

Қазақстан Республикасындағы шетел азаматтарының құқықтық жағдайы туралы 1995 жылғы 19 маусымда қабылданған заңына сәйкес, шетелдік азаматтар тұрақты тұратындар, уақытша тұратындар деп бөлінеді.

Шетелдіктердің жер кодексінің 23- бабының 4-тармағына сәйкес, өндірістік және өндірістік емес тұрғын үйге (құрлыстар, ғимараттарды) олардың кешендерін салу үшін немесе олар салынған жер учаскелері жеке меншік құқығына тұрақты тұратындар ие бола алады, ал уақытша жүрген шетелдіктерге берілмейді.

Жер заңнамасында ұлттық жер пайдаланушылар және шетелдік жер пайдаланушылар деген ұғым бар, ұлттық жер пайдаланушылар ҚР азаматы, ҚР заңнамасына сәйкес құрылған заңды тұлғалар, соның ішінде шетелдік қатысушысы бар кәсіпорындар делінген. Қазіргі қоғамда осы жерде жер учаскесін пайдалануда шетелдік қатысушылар кәсіпорындар, оның ішінде 37 бабаның 5-тармағының 2 тармақшасында тауарлы ауыл шаруашылығы өндірісін жүргізу үшін ауылшарашылығы мақсатындағы жерлерді уақытша өтеулі жер пайдалану жалдау құқығымен шетелдіктердің үлесі 50 пайыздан асатын заңды тұлғаларға 25 жылға мерзімге беру көзделінген, осы норма 2021 жылға дейін мараторий жарияланып отыр.

Бұл аталған нормаға шетелдік заңды тұлғаның 50 пайыздан асатын үлесі болатындықтан, Қазақстандық заңды тұлғамен бірдей үлеске ие және құқықтар мен міндеттері бірдей қамтылады, кім кепіл жердің құнарын сақтауға, бүлінген және тозған жерлерді қалпына келтіруге, сондықтан, меніңше шетелдік қатысушы үлесі бар заңды тұлғалардың Жарғысында немесе арнайы заң қабылдап оның барлық құқықтары мен міндеттерін айқындап беру механизмін жетілдіру қажет.

Қолданылған әдебиеттер тізімі

1. Қазақстан Республикасының Конституциясы.// adilet.zan.kz
2. ҚР «Жасыл экономикаға көшу» Тұжырымдамасы.// adilet.zan.kz
3. «100 нақты қадам» ҚР Президентінің ұлт жоспары.// www.akorda.kz
4. Обзор дискуссий по земельной реформе: содержание и рекомендации/ под. ред. Б.Ж.Әбдірайым.-Библиотека земельного права.-Выпуск 9.-Караганды:РИО «Болашақ-Баспа», 2016г-330с
5. Қазақстан Республикасының 2025 жылға дейінгі Стратегиялық даму жоспары.// adilet.zan.kz.
6. Дюсюпова А.Д. Право частной собственности на земли сельскохозяйственного назначения: Монография/ под.ред д.ю.н, профессора Бектурганова А.Е.-Усть-Каменогорск, 2009.-222с
7. Қазақстан Республикасы Азаматтық кодексі.
8. Қазақстан Республикасының Жер кодексі.
9. Еркінбаева Л.К., Айғаринова Г.Т. Қазақстан Республикасының Жер құқығы: Оқу құралы/-Алматы: Жеті жарғы, 2010.-312б
10. Осипов Н.Т. Теоретические проблемы советского земельного права. Издательство Ленинградского университета-1972г-158с
11. Субъекты гражданского права / Отв. ред. М.К. Сулейменов. - Алматы: НИИ частного права Каз ГЮУ. 2003
12. Азаматтық құқық.1том. ЖОО оқулық. Өңделген және толықтырылған 2-басылымы. Жауапты ред.: М.К.Сулейменов, Ю.Г. Басин.-Алматы, 2003.-736б.